# ЦИКЛОГРАММА.

**Қыркүйек айы. IV – апта**

Өтпелі тақырып:**«Менің мектебім»** Мерзімі: 27.09.-01.10.2021

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу**<br><br>**Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау. Тазалық шараларын жүргізу.Еңбек тапсырмасы:Гүлдердің шаңын сүрту«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретт жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштардь ұштау | Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендерді еңбектерін бағалауғ үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о:«Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру | Үстел үсті қысқыштарме ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.Еңбек тапсырмась Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау |
| | Жаттығулар кешені №2 | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Д/о «Сөйлеп тұрған кім?»** Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық: | Д/ о: «Әр маман иесінің тиісті көлігін тап!» Шарты: полиция, өрт сөндіруші, жүргізуші және дәрігердің көліктері шатастырылып берілген. | Д/ о: «Кім болам?»Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайдасы туралы әңгімелету. | «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. | Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары» Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып. орналастыру. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | <u>**1.Сөйлеуді дамыту**</u><br>**Тақырыбы**: Күз бояуы<br>**Мақсаты:** Жіктеуді үйрету<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** | <u>**1.ҚМҰҚ**</u><br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. | <u>**1. Сауат ашу**</u><br>**Тақырыбы:** «Ғ» дыбысы .<br>**Мақсаты:** «Ғ» дыбысымен таныстыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі** | <u>**1.Жаратылыстану**</u><br>**Тақырыбы:** Ағаш және бұта<br>**Мақсаттары:** а) Ағаштың, бұталардың атауларымен | <u>**1.Сауат ашу**</u><br>**Тақырыбы:** «Ғ» дыбысы .<br>**Мақсаты:** «Ғ» дыбысымен таныстыру. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, өлең шумағын балалармен бірге айтады.<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер, табиғаттың өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар.<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс.**<br>– Мына суретке назар аударып, әңгіме құраңдаршы.<br>Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы, ерекшелігі.<br>– Балалар, сендер күз мезгіліндегі тағы да қандай ерекшеліктерді білесіңдер?<br>– Жалпы күз мезгілін – сары күз, алтын күз, | **Мақсаты:**3 және 4 сандарымен, 3 және 4 цифрларымен таныстыру.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Жад пен логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырманы орындауды ұсынады.<br>«Артық затты тап» кестесі.<br>–Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер.<br>–Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше зат бар?<br>–Бүгін қандай сандармен және цифрлармен танысатынымызды кім айтады?<br>Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды.<br>ҰОҚ-нің тақырыбын анықтайды: 3 саны мен цифры, 4 саны мен цифры.<br>2. **Негізгі кезең**<br>Дәптердегі 1-тапсырма. | Педагог балалардың назарын өзіне аударады да, жұмбақ жасырады.<br>***Жұмбақ:***<br>Ғарышкерде сөз басында,<br>Аға сөзінің ортасында.<br>Ойшыл болса қай бала<br>–<br>Тез табады ойлана.<br>Кәне, шешіп көрейік,<br>Қызық жұмбақ айнала.<br>– Дұрыс таптыңдар, балалар, бұл – «Ғ» дыбысы<br>2**. Негізгі бөлім**<br>«Ғ» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: ерін ашылып, тілдің ұшы тілдің астыңғы түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен «Ғ» дыбысы естіледі.<br>– Балалар, «Ғ» дыбысын айтып көрейік.<br>– «Ғ» дыбысы – дауыссыз дыбыс, ол әндетіп, созып айтуға келмейді. | таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту.<br>Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың зейінін, жадын күшейту.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балалардың күз маусымының белгілері туралы білімдерін нығайту мақсатында<br>**«Иә немесе жоқ» дидактикалық ойынының** көмегімен сабақ өтуге қолайлы эмоционалдық жағдай жасайды.<br>Педагог мынадай сұрақтар қояды: Сендердің үйлеріңнің алдында қандай ағаштар, бұталар немесе гүлдер өседі? Ағаштар қалай аталады? Олардың үлкендігі қандай? Үйдің қасында өсетін ағаштар мен бұталар қалай аталады?<br>**2.Негізгі кезең** | 1. **Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Балалар, қазір күз мезгілінің қай айы? Бүгін күн қандай? Ашық па?<br>2. **Негізгі кезең**:<br>Педагог **жаңылтпаш** айтады.<br>Қара қарғаларға<br>Ала қарғалар үйір.<br>Ала қарғаларға<br>Қара қарғалар үйір.<br>– Балалар, «Ғ» дыбысы қай сөздерде кездесіп тұр?<br>– Сол «Ғ» дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па?<br>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы сөз жұмбақ шештіреді.<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы оқымысты, білгір адамды кім деп атайтынын табады.<br>**Сұрақтар.** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күрең күз деп үшке бөліп айтамыз.<br>– Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі.<br>Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің «**Күз бояуы»** өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар. Өлеңді педагог бірінші мәнерлеп оқып береді.<br>– Балалар, өлеңде не жайлы айтылған?<br>– Өлең жолында самал қозғап қалғанда, не үзіледі? – дейді.<br>Педагог екі тілді аударманы айтады.<br>**Самал** екпінсіз жел екенін түсіндіріп өтеді.<br>**Жез** сары түсті, алтын сияқты метал екенін түсіндіреді. | Мәшинелерді санаймыз.<br>Қуыршақтарды санаймыз.<br>Мәшинелер саны 3 нүктемен белгіленеді.<br>Қуыршақтар саны 4 нүктемен белгіленеді.<br>2- тапсырма.<br>Цифрды, заттарды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру.<br>Нүктелерде 1, 2, 3, 4 сандарын көрсетіңдер.<br>Суреттерден заттардың белгілі бір санын табыңдар (1-ден 4-ке дейін). Педагог саны 1-ден 4-ке дейінгі аралықтағы заттарды көрсетеді және оларды сәйкестендіріп, сызып қосуларын тапсырады.<br>3- тапсырманы орындауды сұрайды.<br>Қажетті цифрды жапсырады. Суреттегі заттарды санайды.<br>Неше мәшине және неше қуыршақ болса, шаршыға сонша нүкте салады.<br>Ермексаздан цифрларды жасайды.<br>3 және 4 цифрларының үстінен саусақтарымен бастырып жүргізеді. | – Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейтін едік?<br>– «Ғ» дыбысы бар сөздерді кім тез тауып айтады?<br>– Кәне, кім «аға» сөзін буынға бөліп береді<br>– Енді «Ғ» дыбысына байланысты жаңылтпаш үйренейік.<br>***Жаңылтпаш***:<br>Ағабай ағасын,<br>Ағатай ағасын!<br>Аға деп бағалар,<br>Ағаның бағасын<br>– Балалар, буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтада көрсетеді):<br>Сыз-ғыш.<br>– «Сызғыш» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>– «Сызғыш» сөзінде неше дыбыс?<br>– Екінші буын қай дыбыстан басталады?<br>**Сергіту сәті:** | Балаларға әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне бүгінгі ауа райын белгілеуді ұсынады.<br>**Әліппе-дәптердегі** тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге,шешуге жұмылдыру: суреттерді қарап шығып, әңгімеге қатысуды сұрайды.<br>Өмірде көргендерін пайдалана отырып, білгенімен бөліседі:<br>Өсімдіктер үш топқа бөлінеді:<br>ағаштар, бұталар және шөптер. Ағаш – жанды табиғаттағы ең ірі және ұзақ тіршілік ететін өсімдік. Олардың кейбірінің биіктігі тіпті он қабатты үйге дейін жетеді. Ағаш негізгі үш<br>бөліктен тұрады.Тамыры оны жерге қадап ұстап тұрады және топырақтағы минералды<br>тұздар мен суды сорып алады. Діні мен бұтақтары тамыр арқылы алынған шырынды | *1.Ғарышқа ұшаты адам кім?*<br>*2.Елордамыз қай қала?*<br>*3. Ешкінің төлін не дейміз?*<br>*4. Ас әзірлейтін бұйымдарды не дейміз?*<br>*5. Тышқан неден қорқады?*<br>**Сергіту сәті.**<br>**Тіл ұстарту.**<br>Атқа тақты – тағა.<br>Болсын таза – жаға<br>Аман болсын – аға.<br>Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған **жаттығу** жасатады.<br>*Домбыраның құлағын,*<br>*Мәнерімен бұрағын*<br>*Достарыңды ертін кел,*<br>*Содан келіп шертін көр.*<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 10 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Енді осы өлеңдегі<br>«Тоғайды да көрдім<br>мен» деген жолдағы<br>«көрдім» сөзін<br>жіктейік.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты: Бір бала<br>қолына жасырған затты<br>сипаттайды.<br>Сипатталған затты<br>қалған<br>балалар табу керек.<br>Педагог:<br>– Балалар, сендер<br>дүкенге барғанда<br>әртүрлі заттарды, жаңа<br>айтқан жемістер мен<br>көгөністерді<br>көресіңдер. Сол<br>заттарды сатып алуға<br>болады.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Дәптердегі тапсырма<br>бойынша орындалады.<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>– Ал сендер "Сабан<br>той" дегеннің не екенін<br>білесіңдер ма?<br>– Жиын-терін<br>біткеннен кейінгі | Педагогті нұсқауы<br>бойынша қимылдар<br>жасайды.<br>Цифрды, санды және<br>нүктелерден құрылған<br>санның моделін<br>сәйкестендіру жөніндегі 3-<br>тапсырманы орындайды.<br>Балалар әр топтағы<br>заттарды санап, цифрды<br>жапсырады.<br>**Рефлексия**<br>ҰОҚ қорытындылайды,<br>педагог балаларды<br>мадақтайды. Балалардан<br>заттардың санына сәйкес<br>суретті табу ұсынылады.<br>(№15) Балалардан бүгін<br>қандай сандармен<br>таныcқандарын сұрайды.<br>Олар қандай цифрлармен<br>белгіленеді?<br>Әсерлерімен бөліседі.<br>**<u>2.Қоршаған ортамен</u>**<br>**<u>танысу</u>**<br>**Тақырыбы:** Үйдегі және<br>балабақшадағы қауіпсіздік<br>**Мақсаты:**Балаларға үйдегі<br>және балабақшадағы<br>қауіпсіздік ерекшеліктерін<br>түсіндіру.<br>Үйде, көшеде, балабақшада<br>сақтау керек қауіпсіздік | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Сөйлемдерді**<br>**толықтыру».**<br>Ойын шарты: Балалар<br>педагогтің бастаған<br>сөйлемін<br>жалғастырады.<br>– Өзімнің үлкен<br>бауырым ...<br>– Қыз құлағындағы<br>әшекей ...<br>– Ат тұяғындағы темір<br>...<br>– Қап-қара құс ...<br>**Жұмыс дәптермен**<br>**жұмыс.** Дәптердегі №9<br>тапсырма орындалады.<br>Көмек керек балаларға<br>педагог көмектеседі.<br>*3. Рефлексия.*<br>Педагог қорытынды<br>жасайды.<br>– Бүгінгі оқу<br>қызметінен алған<br>әсерлеріңді,<br>басбармақтарыңды<br>көтеріп немесе төмен<br>қаратып түсіру арқылы<br>көрсетіңдер.<br>**<u>2.Музыка</u>**<br>**<u>3.ӨӨТ</u>**<br>**Тақырыбы:**_Менің<br>балабақшам. | жоғары<br>көтеріп,жапырақтардың<br>өсуіне көмектеседі.Ағаштың<br>бойы мен көлемі ұшар<br>басындағы бұтақтарының<br>таралып өсуіне байланысты<br>болады.<br>Педагог тамыры, діңі,<br>бұтақтары, жапырақтары,<br>гүлдері мен тұқымдары бар<br>өсімдік ағаш<br>деп аталады деген<br>қорытынды жасайды. Ал<br>бұта дегеніміз: сабағы көп,<br>жапырағы,<br>тамыры, гүлі мен тұқымы<br>бар өсімдік. Шөптің тамыры,<br>көп сабағы, гүлі мен тұқымы<br>болады.<br>Өзекті сұраққа жауап беруге<br>шақырады: **ағаштар не**<br>**үшін қажет және олардың**<br>**пайдасы қандай?**<br>Ағаштар ауаны тазартады,<br>салқындатады, кейбірі –<br>жеуге жарамды тәтті<br>жемістер<br>береді. Кесілген ағаш –<br>тамаша құрылыс материалы<br>бола алады: кептірілген<br>ағаштың діңінен тақтай,<br>фанера, жиһаз, ойыншықтар | педагог<br>көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды<br>жасайды.<br>– Бүгінгі "Досыңды<br>тап"ойынында<br>достарыңды қалай<br>таптыңдар?<br>**<u>2. Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы:** Шару<br>мен аю<br>**Мақсаты:** Ертегіні<br>мазмұндауда<br>балалардың<br>қабілеттілігін<br>қалыптастыру.<br>Ертегінің<br>мазмұны бойынша<br>сұрақтарға жауап<br>беруге<br>дағдыландыру.<br>Ауыз әдебиеті<br>шығармалары<br>негізінде орыс<br>халқының тұрмыс-<br>тіршілігі арқылы<br>еңбекке баулу.<br>Әдеби жанрдың бір<br>түрі – ертегі туралы<br>түсініктерін<br>кеңейту. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | диқандардың<br>тойлайтын үлкен<br>мерекесі<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Волшебный сундучок»<br>**Цель:** формирование умения описывать игру<br>1.<br>**Организационный момент**<br>Предлагает собраться в круг и поприветствовать друг друга.<br>Собрались все дети в круг.<br>*Я – твой друг и ты – мой друг! Дружно за руки возьмемся*<br>*И друг другу улыбнемся.*<br>**2.Основная часть**<br>**Фонетическая зарядка**<br>*УШКИ-УШКИ-УШКИ – у меня игрушки АЮ-АЮ-АЮ – игрушками играю*<br>*ОЗИК-ОЗИК-ОЗИК – железный паровозик* | ережелері туралы білімдерін дамыту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балалармен бірге шеңбер құрады.«Танысайық» ойыны.<br>**Негізгі кезең**<br>**Демонстрациялық материадармен жұмыс.**<br>Балаларға әртүрлі қауіпті жағдайлар боатын суреттерді көрсетеді.<br>-мына суреттерден көріп тұрғанда *әртүрлі жағдаяттарды шешу.*<br>*-көз алдарыңа елестетіңдер, сендер үйде жалғыз отырсыңдар. Танымайтын бір әйел есікті қағып, ашуды өтінді. Сендер не айтасыңдар?*<br>*-қайсы жауап дұрыс деп ойлайсыңдар?*<br>*-сендер үйде отырғанда, кенет өрт шықты. Сендердің іс-әрекеттерің қандай болады?*<br>**Балалар суреттердегі жағдайларды әңгімелейді.**<br>-үйден өрт шығуы мүмкін.<br>-қатты жүгірсең, құлайсың. | **Мақсаты:** Білім тұралы мағлұмат беру. Сөздік қорларын молайтып, тілдерін дамыту. Достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>**Негізгі кезең**<br>Тәрбиеші ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.<br>- Балалар балабақша дегеніміз не?<br>- Балабақшада біз не істейміз? | мен қағаз жасайды. Ағаштар өте баяу өседі.<br>**Топтағы тәрбиеленушілерді ағаш кесінділерін зерттеу арқылы тану үдерісіне жұмылдырады (әліппе-дәптердегі тапсырма).**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Балаларды тапсырманы «Алмаз» техникасының көмегімен орындауға шақырады.**<br>**Тапсырмалар:**<br>1. Балабақша жанында өсіп тұрған ең биік ағаштың атауын атаңдар (терек).<br>2. Ең бірінші болып гүлдейтін 2 бұтаны атаңдар (мойыл, мамыргүл).<br>3. Инесі бар 3 ағаштың атын атаңдар (қарағай, шырша, балқарағай).<br>4. Қараағаштың 4 түрлі қасиетін атап беріңдер (биік және т.б.).<br>5. Біздің өлкемізде өсетін 3 бұтаның атауын атаңдар.<br>6. Ағаш бұтақтарының 2 қасиетін айтыңдар (иіледі, салбырап тұрады).<br>7. Діңі қалың бір ағаштың атын атаңдар. | 1. **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2. Негізгі кезең**<br>Педагог балаларға ***жұмбақ*** жасырады<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асадь<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>Ол не? (Аю)<br>- Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.<br>- Қызылша жердің астында жатады, жапырақтары жердің бетіне шығады.<br>Ал бидайдың дәні масақта болады.<br>Сабағын жемейді.<br>Бидайдан нан |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ГУ-ГУ-ГУ – я игрушки берегу*<br>Педагог показывает сундучок.Чтобы открылся сундучок,нужно повторить считалку.<br>**Дети четко проговаривают слова вместе с педагогом:**<br>*Раз, два, три, четыре, пять! Мы собрались поиграть.*<br>*К нам сорока прилетела,*<br>Сундучок нам вдруг открыла.<br>Р/**Игра «Волшебный платочек»**<br>Взрослому необходимо следить за правильностью речевого высказывания ребенка.<br>Ребенок накрывает игрушку платком, и рассказывает о ней: она мягкая, пушистая, с ней играют девочки и мальчики. Остальные дети отгадывают, о какой игрушке идет речь. | -сынған әйнекке аяғыңды жаралап аласың.<br>-жылан шағып алуы мүмкін.<br>**«Жақсы-жаман» ойыны.**<br>**Өлең ,** Ойна, балам, болмай алаң,<br>Ештеңеден қауіптенбей.<br>Бала болғын жалындаған,<br>Жайнай түссін, бейне гүлдей.<br>Қауіпсіздік ережесін,<br>Барлық жерде сақтай білгей.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Рефлексия.**<br>Педагог балалардан «Сақтықта-қорлық жоқ» деген мақалдың мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды.<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылап, балаларды мадақтайды.<br>**<u>3.Сурет</u>**<br>**Тақырыбы:** Торсық<br>**Мақсаты:** балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Торсық туралы түсіндіреді, торсықтың суретін дұрыс сала білуді меңгертеді.<br>**Негізгі кезең** | - Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?<br>- Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды?<br>- Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді?<br>- Қане, олар кімдер және не істейді екен?<br>**Жүректен жүрекке шеңбері. Алдын ала берілген өлеңді жатқа айту.**<br>**Рефлексия.Қорытынды.** Балалар бүгінгі сабақта не жайында әңгімелестік?<br>4.**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:**Өалай сопртшы болуға болады?<br>**Мақсаты:**Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларға спорт түрлерін атау ұсынылады.<br>«Денесі шыныққан адамдар сымбатты | **Әліппе-дәптермен жұмыс** істеугешақырады.<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>**«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.**<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Сабақты қорытады, балаларды ынталандырады.<br>«Түрлі түсті гүлдер» рефлексивтік ойынын өткізуді ұсынады.<br>Балалар өздерінің көңіл күйіне сай келетін жапырақты таңдап алады.<br>Содан соң барлық жапырақтарды біріктіреді.<br>ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды.<br>Қызықты болмаса, тік сызық сызады.<br>**<u>2.Мүсіндеу</u>**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:**бедерлі мүсіндеу жолдарымен таныстыру;жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін бекіту. | түрлері дайындалады.<br>**Сұрақ-жауап**<br>*- Ертегі қалай аталады?*<br>*- Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?*<br>*- Шаруаға не келді?*<br>*- Аю шаруаны қала қорқытты?*<br>*- Олар неге келісті?*<br>*- Шаруа не екті?*<br>*- Аюға қай жағын берді?*<br>*- Келесі жылы шаруа не екті?*<br>*- Аю нені білмеді?*<br>**Сергіту сәті.**<br>Ертегі желісі бойынша іс-әрекетт қимылмен қайталау<br>*- Шаруа бірінші не екті?*<br>*- Қалай екті? (Қимылмен көрсетеді)*<br>*- Аю қалай келді? (Қимылмен көрсетеді)*<br>*- Келесі жылы шаруа не екті?* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **И/У «Уберем игрушки вместе»**<br>Взрослый предлагает ребенку убрать игрушки на свои места и проговаривать выполняемое действие.<br>*Например: «Машину я поставлю в гараж. Куклу посажу за стол и т.д.»*<br>Можно соревноваться, кто больше уберет игрушек.<br>**Пальчиковая игра «Котята»**<br>**У кошечки нашей**<br>**Есть десять котят**<br>**(покачиваем руками, не разъединяя их),**<br>**Сейчас все котята**<br>**По парам стоят:**<br>**Два толстых, два ловких, Два длинных, два хитрых, Два маленьких самых**<br>**И самых красивых**<br>Дети повторяют слова, выполняют движения за педагогом.<br>Дети рассматривают игрушки, наблюдают за действиями педагога, | Педагог:– Балалар, шеңбер бойында тұрып, бір-бірімізге жылы лебіз білдірейік. – Мына суретте нені көріп тұрсыңдар? – Бұл ыдысты не үшін қолданады деп ойлайсыңдар?<br>Торсық – көптеген халықтардың қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Оны әсіресе қазақтар (ата-бабамыз) жиі пайдаланған. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсықтарға әдейілеп әртүрлі өрнек салынады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Әсем сурет салайық.<br>– Біз торсықтың қандай ыдыс екенін біліп алдық, енді ата-әжемізге сыйлыққа беруге<br>торсықтың суретін салайық. Алдымен, сурет | келеді. Олар қуатты, ширақ, көтеріңкі көңіл күйде болады».<br>Сен аз да болса оларға ұқсағың келе ме?<br>Бұл үшін саған тек спорт көмектесе алады!<br>«Денсаулық адамға күш-қуат беріп, табысқа жетелейді. Сені ерігуден, сандалып бос жүруден арылтады».<br>Спортшыларды жаттықтыруды және спортта қажет сапа-қасиеттерді дамытуды ұсынады.<br>Жинақылыққа баулу<br>**Тыныс алу жаттығулары**<br>«Біз спортпен шұғылданып, тезірек өсеміз», – деп аяқтың ұшымен тұрып, қолды жоғары көтеріп, ішке дем тартады.<br>«Күн сайын биіктей береміз», – деп қолды төмен түсіріп, табанмен тұрып, демді сыртқа шығарады. | **Ұйымдастыру кезеңі**.<br>Педагог: –Кәне, балалар, шеңбер жасап, бір-бірімізге алақан жылуы арқылы жақсы лебіздер білдірейік.<br>Педагог балаларға күз мезгілінің басқа мезгілдерден қандай ерекшелігі бар екенін айтады.<br>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Кәне, күз айларын атаңдаршы?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар!Айналаның барлығы жапырақтар, сап-сары<br>алтынға ұқсайды екен.Сондықтан біз күзді «алтын күз» деп атаймыз.<br>– Жарайсыңдар, балалар!<br>Енді күздің осындай керемет көріністері.<br>**Негізгі кезең.**<br>Балалар бейнероликтен күз туралы көріністерді көрген кезде төмендегі өлең жолдары оқылып тұрады:**Күзгі жапырақтар**<br>– Ал қазір сол жапырақтарды мүсіндейміз: | *- Бидайы қалай өсті? (Қимылмен көрсетеді)*<br>*- Шаруа қызылшаны қалай жинады? (Қимылмен көрсетеді)*<br>Ертегідегі шаруа, соқа, орман маңы сөздерінің мағынасын қайталату.<br>Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау<br>**Дәптермен жұмыс**<br>- Суретте қай ертег бейнеленген?<br>- Шаруа аюға не де тұр деп ойлайсың?<br>- Сурет бойынша ертегі мазмұнын оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>- Ертегідегі адам мен аюдың іс әрекетін салыстыр. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | называют какой игрушки или каких игрушек не стало, нет куклы, нет кукол.<br>**Работа в азбуке-тетради**<br>– Что забыл нарисовать художник? Дорисуй и назови. Составь предложения со словами «машина» и «кукла».<br>Дети выполняют задание в азбуке-тетради.<br>1. **Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей:<br>– Что нового узнали? Кому об этом расскажете?<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Ұлттық ойындар<br>**Мақсаты : а)** теориялық ойын түрлерін, мазмұнына, ережелерін, ерекшелігін меңгерту.жетілдіру өз алдына шұғылдануға қажеттілігі мен қабілеттілігін | салуды қағаздың астыңғы бөлігінен бастайық, беттің көлеміне қарай шаршы саламыз, оның жоғарғы ортаңғы бөлігіне торсығымыздың мойнын саламыз, ол үшін тік төртбұрышты қолданамыз. Бұл пішіндерді орналастырып болғаннан кейін, торсықтың жалпы пішінін салып көрейік. Ол үшін үлгідегідей торсықтың жиектерін сүйірлейміз, ал торсықтың ішіндегі сусын төгіліп қалмас үшін аузына қақпақ<br>немесе тығын жасаймыз. Торсығымыз дайын болса, оған көрік беру үшін ою салып<br>безендіреміз. Торсық суретін салуда көмекті қажет ететін балаларға, суретті дұрыс салудың техникасы түсінідіріліп, көмек көрсетіледі.<br>**3.Рефлексия.**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады.<br>Педагог балаларды | **Незізгі кезең**<br>Қатар тізбекке тізіліп, залдың қарсы бетіне жүреді.<br>Барлық баламен бірдей адымдау қажеттігін ескертеді.<br>Ұ, т, Ө) төзімділікті жаттықтыру<br>Білек пен тізеге сүйене отырып гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу. Балалар орындықта/бөренеде қимыл-қозғалыс орындағанда аяқ-қол жұмысының үйлесуіне назар аударады.<br>Зейінді жаттықтыру<br>**«Кім зейінді?» қимыл ойыны:**<br>Балалар спорт түрлері бойынша (қалауына қарай) топтарға бөлінеді. Капитандардың қолында доп (төрт капи-<br>тан – төрт түсті доп). Ойыншылар залда жүгіріп жүреді,белгі берілгенде өз қатарына | 1. Бір кесек ермексазды алып, алақанымызға салып домалақтаймыз.<br>2. Домалақ ермексазды алақанымызға салып басу тәсілі арқылы жалпақтаймыз. Ермексазды қатты қағаздың үстіне қойып, үлгіқалыптың шетін кескішпен бастырып, кесеміз.<br>– Ал енді жапыраққа ұқсады ма?<br>**Сергіту сәті.**<br>– Енді артық ермексазды қалақшаның көмегімен қырып алып тастаймыз. Саусағымыздың ұшымен шымшу арқылы жапырақтың жиектерін тегістейміз. Кескіш таяқшамен жапырақтың үстін бедерлеп, сызықта түсіреміз. Міне, жапырағымыз дайын болды.<br>**3.Рефлексия.**<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар сары жапырақтарды бір қатарға, қызыл жапырақтарды екінші қатарға тізіп, жұмыстарын талдайды. | **3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>- Сендерге ертегі ұнады ма?<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы**:Күзгі жапырақтар.<br>**Мақсаты**:Балалард ың іскерлік дағдыларын қалыптастыру.Қию жолдарын түсіндіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**.<br>**Шаттық шеңбер**<br>**Негізгі кезең.Жұмбақ**<br>Ағайынды бәріміз,<br>Шықса жасыл<br>Түсте сары боламыз.(Жапырақ<br>**Сергіту сәті.**<br>Өте дұрыс екен жапырақ ағашта тұрса жасыл болад , ал қазір ағашта жасыл жапырақ барма? |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жетілдіру,ұлттық ойындарды меңгерту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Қозғалмалы бой жазу жаттығулары<br>- Қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүру.<br>- Екі қол белде өкшемен жүру<br>- Екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>- Бір қалыпты деңіл жүгіру.<br>**НЕГІЗГІ КЕЗЕҢ**<br>Көңілді стартар ойыны мен ұлттық ойындар<br>*«Тұтқынға алу»* - ойыны<br>Ойынның ережесі:<br>Екі топқа бөлінеміз де бір бірімізге қарап сызылған сызықтың екі жағында тұрамыз. Тұрдық па? Енді қарама - қарсы тұрғандар бір - бірінің қолынан ұстап әр бақталас топ өз жағына қарай тартады. Кімнің тобы мықтырақ, қай топ өз жағына көп | мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**4.Вариатив Ертегілер әлемінде**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісінің қойылымы<br>**Мақсаты:** Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру. | барып тізбекке тұрады.Көздерін жұмғанда, капитандар орын алмастырады. Белгі бойынша ойыншылар өз капитанын жылдам та-уып, оның артына тізбекке тұруы тиіс.<br>**Рефлексия**<br>Тақпақтың сөздерін қайталап, мәтінге сәйкес қимылдар жасауды ұсынады.<br>*Спортшы болам десең сен –*<br>*Жаттығу жасап шынық. Салқын сумен шомылып,*<br>*Таза ауада тынық.*<br>*«Тазалық – денсаулық кепілі!»*<br>*Деген сөзді ұмытпа!*<br>*Шымыр болып өсесің,*<br>*Шынықтырсаң денені.*<br>*Жүгіріп күнде секіріп*<br>*Балалармен ойнасаң!*<br>*Сонымен қатар, балалар,*<br>*Күнде дұрыс тамақтан.* | **3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Менің сүйікті жануарларым<br>**Мақсаты:**Біресе аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>« Жануарды тап!»<br>Балаларға тиісті музыка бойынша жануарды табу және қимылын келтіру жүктеледі.<br>Музыкаға сәйкес қимылды анық келтіру қажеттігіне балалардың назарын аударады (әрбір жануардың өз жүрісімен өз музыкасы бар).<br>**Негізгі кезең**<br>Шапалақтауға сәйкес өзін айнала отырып бір орында секіру.<br>Балалардың кейбірі секіреді, кейбіреулері ырғақпен шапалақ ұрады. Балалардың тізесін сәл бүгіп ырғала, жеңіл секіре алуына назар аударылады.<br>(Ұ, Ө) « Жылқы» қимыл-қозғалыс ойыны | Ал ендеше күз туралы тақпақ орындап жіберейікші<br>Ендеше алдарындағы суретке қарап, күзг жапырақ қиып , жапсырамыз.<br>Балалар қолымызға жаттығу жасап жіберейік.<br>**Дидактикалық ойын «не артық?»ойын шарты :** суреттегі заттардың арасына артық заттытабу, бір сөзбен аталатын атауын табу.<br>**Рефлексия**<br>Балалар сендер нен қиып жапсырдыңдар?<br>Күзгі жапырақтың түсі қандай болады екен?<br>Балалардың еңбегі мадақтау<br>Көрме жасау<br>**4. Вариатив Өнерлі екен он саусақ** |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тартып алады, сол топ жеңіске жетеді.<br>*«Арқан тарту»*<br>Ойынның ережесі:<br>Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға екі ұшы тұзақтап байланған ұзын жіп немесе арқан керек. Ойынға қатысушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды белге салып өз жағына қарай тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе, солар жеңіске жетеді.<br>*Тартыс — ұлттық ойын*<br>Ойынның ережесі:<br>Ойыншылар тепе - тең екі топқа бөлінеді, екі - екіден жұптасып тұрысады. Ортаға екі жұп шығады. Бірі екіншісін арқалап алады. Белгі бойынша олар бір - біріне жақындаса бастайды. | | | Сәйкес музыка әуенімен түрлі қарқынмен және түрлі бағытта жүгіру ұсынылады. Жылқының сымбатты қимылына балалардың назарын аударады.<br>«Қасқыр мен лақтар» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Ойын алдында «лақтар» мен олардың иесі тұратын «ауылдың» орны белгіленеді. Залдың екінші шетінде «жайылым», ал ортасында «қасқырдың апаны» белгіленеді. Сонан соң 2-3 «қасқыр» мен «мал иесі» сайланады.<br>**Рефлексия.**<br>**«Тасбақа»: жұптасып массаж жасау.**<br>Тасбақа шомылуға кетіп барады.<br>Қолдың уысымен (чашка) жоғарыдан төмен арқадан шапалақтап соғу.<br>Сөйтіп қорыққаннан бәрін тістейді:<br>Белден жоғары қарай арқаны пәрменді түрде шымшылайды:<br>*«Тық-тық-тық, тық-тық-тық,*<br>*Қорықпаймын, бері шық».* | **Тақырыбы**: Паровоз<br>**Мақсаты :** Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексивті түзету** Оқушыларды бір сапқа тұрғызу, тыныс жолдарын қалпына келтіру. Толық сапқа тұруларын қадағалау. Балаларды мадақтау. | | | *Тез бұрылып, жұбын* шошытады. Аздап бүгілген саусақтармен баяу толқынды қозғалыс жасайды. Қорыққан сыңай танытады (артқа қарай шоршу). **4. Логика** Тақырыбы:«Ойнайық,та ойлайық» Мақсаты:Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету,ой-өрісін кеңейту. | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |
| **Серуен** | **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** **Мақсаты:** Күзде | **Бақылау:Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын | **Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау.** **Мақсаты:** Учаскелердегі құмдағы | **Бақылау: Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау** | **Бақылау. Күзгі ауа-райындағы** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату. **Еңбек:** Бөлме гүлдерін суару. **Қимылды ойындар:** «Құс болып ұшамыз» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | айту. Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы. **Еңбек:** Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. **Қимылды ойындар:** «Күн мен түн» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. **Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. **Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық»** Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. **Еңбек:** Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. **Қимылды ойындар:** «Тақия тастамақ» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **өзгерістерді бақылау. Мақсаты**:Балаларғ а күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу. **Қимылды ойын:«Поезд» Мақсаты**:балалард ың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып поезд сияқты жүруге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата- аналарға балалары туралы жеке гигенасы туралы ескерту. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту. | Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану. | Еркін ойындар. Үйге сұрану. Ата – аналарына табыстау. | Еркін ойындар. Ата – аналары на табыстау. |



Scanned with ACE Scanner